

**Жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарындағы
педагогтердің арасында
«Балалардың азаматтылық белсенділігін тәрбиелеу»
тақырыбындағы «Үздік білім беру
бағдарламалары мен әдістемелік әзірлемелер»
Республикалық сырттай байқауын өткізу ережелері**

1. Жалпы ережелер

1. Осы ережелер жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарындағы педагогтердің арасында «Балалардың азаматтылық белсенділігін тәрбиелеу» тақырыбындағы «Үздік білім беру бағдарламалары мен әдістемелік әзірлемелер» Республикалық сырттай байқауын (бұдан әрі – Байқау) өткізудің мақсатын, міндеттерін және тәртібін анықтайды.

2. Мақсаты – білім беруді ұйымдастыруда тәрбие жұмысының маңыздылығын көтеру, қазақстандық білімді жаңғырту контекстінде республикада жинақталған тәрбиелеудің үздік тәжірибесінің негізінде оның мазмұны мен технологиясын жаңалау.

Міндеттері:

1) өскелең ұрпақты тәрбиелеуде инновациялық технологияларды дамыту үшін жағдай жасау;

2) қазақстандық білім беруді жаңғырту жағдайында балаларды тәрбиелеу мәселелеріне педагогикалық қоғамның назарын аударту;

3) оқу-тәрбие жұмысының мазмұнын ұйымдастырудың ұтымды нұсқасын анықтау және оның тәрбие қызметінің нәтижелілігі мен сапасына әсер етуі;

4) білім беру ұйымдарында тәрбие қызметін басқарудағы үздік тәжірибені анықтау және тарату.

3. Байқауды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК өткізеді.

4. Байқаудың ұйымдастырушылары ұйымдастыру комитеті мен әділ қазылар алқасының құрамын қалыптастырады.

2. Байқауды өткізу мерзімі және тәртібі

5. Байқау **2015 жылғы 12 желтоқсан мен 2015 жылғы 23 қаңтар** аралығында балаларға арналған www.ziyatker.org ғылыми-танымдық сайтта сырттай өткізіледі.

6. Байқауға ұсынылған материалдар байқаудың тақырыбына, мақсаты мен міндеттеріне сәйкес болуы керек.

7. Байқау жұмыстары ережеге сәйкес 2015 жылғы 23 қаңтарға дейін rumcdo@list.ru электрондық поштаға қабылданады.

Анықтама телефондары: +7702 830 79 31.

8. 2015 жылғы 23 қаңтардан кейін түскен байқау материалдары, сондай-ақ талаптарға сәйкес келмейтін байқау материалдары қарастырылмайды.

9. Байқауға жіберілген жұмыстар қайтарылмайды және оларға рецензиялар, қазылар алқасының қорытындылары берілмейді.

10. Байқау материалдарының мазмұнына ұйымдастырушылар жауапты емес.

11. Байқаудың ұйымдастырушылары авторды көрсете отырып, жұмысты бұқаралық ақпарат құралдарында, ғаламтор баспаларында жариялауға құқылы.

12. Байқауға қатысу үшін **3000 (үш мың) теңге** төлемақы төленеді.

Төлемақы барлық банк немесе Қазпошта бөлімшелерінде келесі реквизиттер арқылы жүргізіледі:

БанкЦентрКредит АҚ, Астана қаласы.

Иик KZ91856000005068448

БИК КСЖВКЗКХ

БИН 990140004733

Кбе 16.

Төлемақы мақсатының коды – 859.

Алушы: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК.

Төлемақының мақсаты: «Балалардың азаматтылық белсенділігін тәрбиелеу» байқауы. Байқауға қатысушының (жіберуші) фамилиясын міндетті түрде көрсету және төлемақы құжатын (түбіртек немесе төлем тапсырмасы) сканерден өткізіп, rumcdo@list.ru электрондық пошта арқылы жіберу қажет.

13. Байқаудың қорытындысын шығару және жеңімпаздарын анықтау 2015 жылғы 9 ақпанда жүргізіледі.

1. Байқауға қатысушылар және қойылатын талаптар

14. Байқау келесі номинациялар бойынша өткізіледі:

1) авторлық бағдарламалар

2) әдістемелік әзірлемелер (нұсқаулықтар, құралдар, сценарийлер, дидактикалық материалдар, тәрбие жұмысын әдістемелік қамтамасыз ету, балалардың шығармашылық қабілетін дамытуды әдістемелік қамтамасыз ету және т.б.);

15. Келесі талаптарға сәйкес байқау жұмыстары қабылданады:

авторлық бағдарламалар номинациясы бойынша қатысушы қазақ және орыс тілдеріндегі жұмыстарды ұсынады (көлемі 10 беттен артық емес А 4 форматта (титул парағын есептемегенде), қаріп - 14, жоларалығы – 1 болуы тиіс).

әдістемелік әзірлемелер номинациясы бойынша қатысушы қазақ және орыс тілдеріндегі жұмыстарды ұсынады (А 4 форматта, қаріп - 14, жоларалығы – 1 болуы тиіс).

Титул парағында келесі мәліметтерді көрсету қажет:

- авторы немесе құрастырушы (Т.А.Ж. толығымен, лауазымы);

- білім беру ұйымы, аудан (қала/ауыл), облысы, e-mail;

- номинацияның аталуы;

Материалдар балаларға қосымша білім берудің бағыттары бойынша әзірленуге болады (өз таңдауы бойынша): әлеуметтік-педагогикалық,

экологиялық-биологиялық, ғылыми-техникалық, туристік-өлкетану, көркем-эстетикалық, музыкалық және т.б.

16. Жалпы талаптар:

балаларға арналған www.ziyatker.org ғылыми-танымдық сайтта («ВКонтакте» әлеуметтік желі арқылы) тіркелу қажет;

бөтен адамның және Интернет желісінен алынған материалдарды қолдануға қатаң тыйым салынады;

байқауға ұсынылған жұмыстарда қатыгездік және зорлық-зомбылық көріністері, адамның немесе бір топ адамдардың қадір-қасиетін кез келген түрде кемсітетін ақпарат болмауы қажет.

17. Байқауды бағалау критерийлері:

*байқаудың тақырыбы, мақсаты мен міндеттеріне сәйкестігі;
бағдарламалық материалды әдістемелік қамтамасыз етудің толықтығы;*

*бағдарламалық-әдістемелік материалдарды жетілдіру әлеуеті;
жұмыстың таңдап алынған әдіс-тәсілдеріне педагогтік негіздемесі;*

мазмұнының өзектілігі және тәжірибелік маңызы;

мазмұнының кративтілігі мен жаңашылдығы;

авторлық идеяның түпнұсқалығы мен жаңашылдығы;

4. Байқаудың қорытындысын шығару және жеңімпаздарды марапаттау

18. Байқаудың қорытындысы бойынша қазылар алқасы жеңімпаздарды анықтайды.

19. Байқауда жүлделі орындарға ие болған жеңімпаздар тиісті дәрежелердегі дипломдармен марапатталады. Байқау жеңімпаздарына дипломдардың, қатысушыларға сертификаттардың электрондық нұсқасы электрондық пошта арқылы жіберіледі.